

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 13

2025 жылдың «24» шілде

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82727377237?pwd=62TjLBWc96pTRVS9STmjyBVW7nbEbG.1>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Абдрахманқызы Саида
2. Боровая Наталья Алексеевна
3. Берден Інжумаржан Мысырғалиқызы
4. Калкабаев Азамат Муратбекович
5. Оспанова Гульден Джетысовна
6. Нуркебаева Асель Болатовна
7. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
8. Тикенов Еркін Амангельдинович
9. Курумбаев Айбулат Шамуратович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

10. Сержанұлы Даниел
11. Устимиров Ильяс Нурланович.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына резервтік тізімнен кандидаттарды іріктеу.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған құрылымын бекіту.

3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын мәлімет ретінде қабылдау.

4. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

5. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасын сайлау.

Күн тәртібіндегі бірінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына резервтік тізімнен кандидаттарды іріктеу» мәселе бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері азаматтық қоғам өкілінің бір орнының мерзімінен бұрын босауына байланысты резервтік тізімнен жаңа мүшені қосу мәселесін талқылады. Қатысушыларға жұмыс тобы бұрын мақұлдаған төрт кандидат туралы ақпарат жолданды. Жаңартылған тәртіпке сәйкес, кеңес отырысының хаттамасынан бөлек, 2024 жылғы 7 тамыздағы № П-47 бұйрығына (бұдан әрі – № П-47 бұйрығы) өзгерістер енгізу туралы бұйрықтың ресімделуі қажет екені атап өтілді.

Кеңес мүшелері іріктеу өлшемшарттарын талқылады: туризм саласындағы кәсіби тәжірибе, бизнес-ортадағы белсенділік, қоғамдық жұмыстарға қатысу. Атап айтқанда, Берик Акильбеков пен Дина Сыргабаеваның кандидатуралары қолдау тапты. Жедел шешім қабылдау үшін, кеңеске қатыспаған мүшелердің де қатысуын қамтамасыз етіп, қажетті кворумға қол жеткізу мақсатында онлайн-дауыс беруді Google-формада немесе чатта өткізу ұсынылды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша, көпшілік дауыспен Берик Акильбековтің кандидатурасы қолдау тапты. Осыған байланысты, Қоғамдық кеңес құрамында жұмыс істеуге дайын екенін растау үшін онымен байланысу және келісімі алынғаннан кейін № П-47 бұйрығына тиісті толықтырулар енгізу арқылы өзгерістерді рәсімдеу жөнінде шешім қабылданды. Барлық нәтижелер мен шешімдер белгіленген тәртіппен ресімделетін болады.

Ашық дауыс беру, яғни электрондық сауалнама нәтижелері бойынша көпшілік дауыспен Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Акильбеков Берик Ахмедиянович «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ «Қоғамдық кеңесі туралы» Басқарма Төрағасының м.а. 2024 жылғы 07 тамыздағы № П-47 бұйрығымен бекітілген резервтік тізімнен тағайындалсын.

Күн тәртібіндегі екінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған құрылымын бекіту» мәселе бойынша Қоғамдық кеңес Төрағасы Тікенов Е.А. келесі үлгіні ұсынды: кеңес мүшелерінің жалпы жиналысы, төраға (ротациямен), хатшы және негізгі бағыттар бойынша тұрақты комиссиялар: дестинация менеджменті, маркетинг, әлеуметтік туризм және инфрақұрылым.

Сонымен қатар, ҚР «Қоғамдық бақылау туралы» Заңына сәйкес тұрақты комитеттер, уақытша жұмыс топтары мен қоғамдық бақылау топтарын құру мүмкіндігі де қарастырылды.

Қатысушылар кеңес жұмысын функционалдық қағидат бойынша құрылымдаудың орынды екенін талқылады, бұл сараптамалық жұмысты күшейтіп, мамандарды тарту тетігі мен тақырыптық кіші топтар арқылы қосымша сарапшыларды тартуға мүмкіндік береді. Аймақтық қосалқы

комитеттер мен басқа қоғамдық кеңестермен бірлескен топтар құру жөніндегі ұсыныс қолдау тапты, бұл өңірлік және ведомстволарлық үйлестіруді арттыруға ықпал етеді.

Талқылау барысында ұсынылған құрылым кеңестің міндеттеріне сай келетіні, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ қызметін мониторингтеуге мүмкіндік беретіні, саланың стратегиялық басымдықтарын ескеруге жағдай жасайтыны және институционалдық сабақтастықты қамтамасыз ететіні атап өтілді. Құрылым жобасын бекітуге шығару және оны жұмыс жоспары мен комиссиялар құрамын бекіту арқылы іске асыру туралы шешім қабылданды.

Ашық дауыс беру – электрондық сауалнама нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес бірауыздан **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрылымын осы хаттамаға № 1 қосымшаға сәйкес бекіту.

Күн тәртібіндегі үшінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын мәлімет ретінде қабылдау» мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарының жобасы ұсынылды. Жоба нақты өткізілген іс-шаралар, бұған дейін талқыландыған мәселелер мен кеңес мүшелерінің бастамалары негізінде қалыптастырылған.

Алдыңғы отырыстарда кворумның болмауына байланысты жыл басында жоспар бекітілмегені атап өтілді. Дегенмен, бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды, сондықтан оларды қорытынды құжатта тіркеу орынды деп танылды.

Кеңес мүшелері бірінші жартыжылдыққа арналған жоспарды қазіргі жағдайда атқарылған іс-шаралар мен өткізілген отырыстарды көрсететін есептік сипаттағы құжат ретінде мәлімет ретінде қабылдауға келісім білдірді. Сонымен қатар, Тикенов Е.А. болашақта жоспарды негізгі бағыттар бойынша құрылымдау ұсынысын айтты: есептерді тыңдау, мониторинг, қоғамдық сараптама, салалық органдар және өкілдермен өзара іс-қимыл.

Талқылау қорытындысы бойынша ұсынылған құжат 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспары ретінде қабылданып, мәлімет ретінде ескерілетін болды.

Ашық дауыс беру – электрондық сауалнама нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес бірауыздан **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарын осы хаттамаға № 2 қосымшаға сәйкес мәлімет ретінде қабылдау.

Күн тәртібіндегі төртінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс

жоспарын бекіту» мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы Тикенов Е.А. жоспар жобасын таныстырды.

Тикенов Е.А. жоспар құрылымы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бақылау туралы» Заңының талаптары мен кеңес қызметінің ұсынылған моделіне сай дайындалғанын атап өтті. Құжатқа келесі бағыттар енгізілген: «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ есептерін тыңдау, қоғамдық мониторинг жүргізу, азаматтардың өтініштерін қарау және ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ тұрақты комиссиялар мен сарапшылық топтардың жоспарланған отырыстары.

Талқылау барысында қатысушылар міндеттерді функционалдық бағыттар бойынша нақтылауды қолдады: менеджмент, маркетинг, әлеуметтік туризм, инфрақұрылым және іс-шаралар бағыты. Жыл ішінде туындайтын өзекті мәселелерге байланысты уақытша жұмыс топтары мен тақырыптық қосалқы комитеттер құру мүмкіндігін қарастыру ұсынылды. Сонымен қатар, жоспардың орындалу барысын жүйелі түрде тіркеп отыру және аралық талдамалық есеп дайындау ұсынысы да қолдау тапты.

Ашық дауыс беру – электрондық сауалнама нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес бірауыздан **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарын осы хаттамаға № 3 қосымшаға сәйкес бекіту.

Күн тәртібіндегі бесінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына резервтік тізімнен кандидаттарды іріктеу» мәселе бойынша қолданыстағы Қоғамдық кеңес Төрағасының өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты отырыста жаңа Төрағаны кезекті мерзімге сайлау рәсімін өткізу мәселесі қаралды.

Кеңес мүшелері дауыс беру форматтарын талқылады: отырыс барысында ашық дауыс беру және балама нұсқа ретінде – кеңеске қатыса алмаған мүшелердің пікірін ескере отырып, Google-форма арқылы онлайн-дауыс беру.

Қатысушылар рәсімнің ашықтығын қамтамасыз ету мен барлық кеңес мүшелеріне кандидатураларды ұсыну және талқылау мүмкіндігін тең дәрежеде беру маңызды екенін атап өтті. Потенциалды үміткерлерге қатысты ұсыныстар айтылып, таңдау барысында басшылыққа алынуы тиіс өлшемшарттар талқыланды. Олардың ішінде кеңес жұмысына белсенді қатысу, бастамашылдық таныту және кеңес қызметін үйлестіруге дайын болу секілді қасиеттер ерекше аталды.

Ашық дауыс беру, яғни электрондық сауалнама нәтижелері бойынша көпшілік дауыспен Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып, 2025 жылғы 15 тамыздан бастап, өкілеттік мерзімі 6 (алты) айға, Калкабаев Азамат Муратбекович сайлансын.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелер қаралды. Отырыстың хаттамасы қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Компанияның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**



А. Тикенов

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**



Ш. Бакаева